

# Егемен Қазақстан

## Астана айшықтары

Елбасы «Тәуелсіздік дәуірі» атты іргелі еңбегінде әу бастағы «саяси-символикалық идеяның» «барыс бітімді, самұрық серпінді», «Тәуелсіздік тәжінің жақұты» – Астана шаһарына арнайы тоқталып, оның географиялық, климаттық, әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, әскери-стратегиялық, көлік және инженерлік инфрақұрылым, мәдени-ғылыми, білім беру жағынан тарихи маңызын айрықша атайды.



Елорданың сыр мен сәулетіне ой көзімен барлағанда Ақорда күмбездіндегі алтын қыран, «Қазак Елі» монументінің басындағы киелі Самұрық құс, дәстүрлі қазақ үйінің сұлбасын еске түсіретін «Тәуелсіздік сарайы» және көне аңыздарға арқау болған Бәйтерек» ұлттық дүниетаным мен халықтың тарихи санасымен сабақтас екендігін паш етеді.

Оқушы кезімізде қиял-ғажайып хикаяларға толы халықтық дастандардағы шаһар келбетіне сүйсінетін едік-ау! Мысалы, «Мәлік Хасан» дастанындағы сымға тартылған күмістей Зер шаһарының сипаты:

Бір шаһар көрінеді жасыл жауһар,  
Кірпіші лағыл, жақұт, өңшең гауһар.  
Адамзат мұндай шаһар салған емес,  
Жарығы күндік жерден оттай жанар!

Я болмаса ойшылдардың мемлекет астанасы, өркениет бесігі қандай болу керек деген тарихи-деректемелік құнды тұжырымдарына тоқталайықшы. Мәселен, ойшыл, ақын, саяси қайраткер, математик Томмазо Кампанелла (1568-1639) «Нұрлы шаһар» турасында

«...Мұхиттың ортасындағы аралда Күн қаласы – «Нұрлы шаһар» тұрады. Оны Күн басқарады. Күннің үш орынбасары бар. Олар: құдірет, данышпан, махаббат. Құдірет соғыс пен бейбітшілік мәселесін шешеді. Данышпан ғылым мен өнер жағын басқарады. Махаббат болса ұрпақ тәрбиесімен айналысып, тамақ пен киім, баспана қамын қарастырады. Кедейі – пейілді, байы – ме-йірлі, терезелері тең адамдар тұратын республика міне, осы, Күн қаласы – «Нұрлы шаһарда» өмір сүретін болады».

Макиавелли: «Мемлекет астанасы» жайлы ой-толғамында: «...Қандай мемлекет болмасын, оның тыныс-тіршілігі орталықтан бастау алуы тиіс. Елдің шеткері аймақтағы ірі қаласынан гөрі кіндігіндегі мекен алғашқыда көзге қораш, елеусіздеу, жұпыны көрінгенімен, келе-келе үлкен күш-қуатқа ие болып, мемлекеттің темірқазығына айналады. Өйткені өмір тіршілік – ортада, орталықта болу керек» деп түйіндейді.

Елбасы республиканың астанасын ұлы шаһар, ұлы мекен, бас қала – Алматыдан қазақ жерінің қасиетті төріне көшіргені тегін емес. Мәшһүр Жүсіптің лебізіне ой жүгіртейікші:

Салтанатты Сарыарқа,  
Сәулеленген Сарыарқа,  
Кең қойының кен Сарыарқа,  
Сан жеткісіз Сарыарқа,  
Суың шекер бал Арқа,  
Жотасы биік жал Арқа,  
Малы-басың сай Арқа.  
Төрт түлікке бай Арқа,  
Маңырап тұрған мал Арқа,  
Төңірегі төл Арқа.

Ұлы Даланың нағыз діңгегі – Ақмола. Бұл өңірде небір өркениет өркендеген. Соның дәлелі Бозок қалашығы – Ұлы Жібек жолының бойында қоныс тепкен, тоғыз жолдың торабына орналасқан. Мағжанша айтқанда, Еділ, Жайық, Сыр, Жетісу, Ұзын Ертіс арасына жайғасқан Сарыарқа жерінен ықылым заман жәдігерлерінің шамамен 1 миллион жылдай бұрынғы жұрнақтары ұшырасады екен. Түгін тартса, майы шығатын осынау топырақта мыңдаған баһадүрлеріміздің қаны судай төгілген. Осындайда ұлт-азаттық көтерілістің көсемі Кенесары Қасымұлының 1838 жылдың 7 тамызы күнгі Ақмола бекінісі үшін шайқасы ойға оралады.

1997 жылы 8 қарашада Ақмолаға Қазақстан Мемлекеттік рәміздері: Мемлекеттік ту, Елтаңба, Президент Байрағы әкелінді. Ел Президентінің Жарлығымен 1997 жылы 10 желтоқсанда Ақмола Республика астанасы деп жарияланды. Мемлекет тарихындағы ұлы оқиғаның куәгері ретінде айтарым, дәл сол күнгі салтанатты жиында Елбасы: «Бұдан былай және ғасырдан-ғасырға осында – ұлан-байтақ елдің кіндігінде халық тағдыры үшін өмірлік маңызы бар шешімдер қабылданатын

болады. Отанымыздың жүрегі енді осы жерде соғады. Осы жерден Қазақстан үшінші мыңжылдықтың табалдырығында өзінің тарихи тағдырын анықтайтын болады» деп шаттанған дауыспен, шалқар пейілмен мейірлене мәлімдеді.

1966 жылы шалғай ауылдан арман қуып, ару Алматыға Целиноград арқылы жетіп едім. Ал бүгін осы жерде әлемге дабыс-атағы тараған Астананың асқақ тұлғасы жүрегімді керемет бір сыр мен жырға бөлейді. Бұл – Тәуелсіздіктің жемісі. Астананың айшықты табыстары елі-жұртымызды әрқашан шаттандыра бергей.

Серік НЕГИМОВ

филология ғылымдарының докторы,  
профессор